ПРОЕКТ

# «Сентрас Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы ЖАРҒЫСЫ

# УСТАВ Акционерного общества «Компания по страхованию жизни «Сентрас Life»

| Акционерлердің жалпы жиналысында | УТВЕРЖДЕН |
|---|---|
| БЕКІТІЛГЕН | Общим собранием акционеров |
| «29» мамыр 2025ж. | «29» мая 2025г. |

г.Алматы
2025г.

| 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР | | 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ |
|---|---|---|
| 1. «Сентрас Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан орнын, оның органдарын құру тәртібін және құзыретін, қайта ұйымдастыру және тарату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелерін белгілейді.<br>2. Қоғам өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс алуды көздейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, меншік құқығында оқшауландырылған мүлікке ие және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауапты, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді сатып ала алады және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады, оның дербес теңгерімі, банктік шоттары, оның атауы көрсетілген мөрі бар.<br>3. Қоғам «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілері, осы Жарғы және уәкілетті органмен берілген лицензия негізінде тыйым салынбаған қызмет түрлерін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы.<br>4. Қоғамның өз тауар белгісі және бейнелемесі бар, олардың үлгілері заңнамамен анықталған тәртіпте бекітіледі және тіркеледі.<br>5. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.<br>6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынылған өкілеттіктерді іске асыру мақсатында, уәкілетті органның алдын-ала рұқсаты болған жағдайда ғана еншілес ұйымды құра алады немесе оның иелігінде болуы мүмкін. Заңнамамен белгіленген жағдайларды, және заңнамамен қарастырылған жағдайларда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді іске асыруды қоспағанда, Қоғамға жарғылық капиталдардағы қатысу үлестерін немесе заңды тұлғалардың акцияларын сатып алуға, коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға және құруға тыйым салынады.<br>7. Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі негізінде уәкілетті органның келісімінсіз өзінің оқшауландырылған бөлімшелерін - Қазақстан Республикасының аумағында да, оның шектерінде де филиалдар мен өкілдіктерін ашуға құқылы.<br>8. Қоғамның филиалы заңды тұлға болып табылмайтын, Қоғамның орналасқан орнынан тыс жерде орналасқан, Қоғам атынан қызметті іске асыратын және оған Қоғаммен ұсынылған өкілеттіктер шектерінде әрекет ететін оқшауландырылған бөлімше болып табылады. Қоғам филиалының Қоғаммен бірыңғай теңгерімі, және де Қоғамның атауына толық сәйкес келетін атауы бар.<br>9. Қоғамның өкілеттігі - заңды тұлға болып табылмайтын, Қоғамның орналасқан орнынан тыс жерде орналасқан, Қоғам атынан және оның тапсыры бойынша әрекет ететін және Қоғамның лицензиялық қызметін іске асырмайтын Қоғамның оқшауландырылған бөлімшесі.<br>10. Филиалдар мен өкілеттіктердің басшылары Қоғамның уәкілетті органымен тағайындалады және бөлімшелер мен сенімхаттар туралы бекітілген ережелер негізінде әрекет етеді. | | 1. Настоящий Устав Акционерного общества «Компания по страхованию жизни «Сентрас Life» (далее - Общество) определяет его наименование, место нахождения, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и ликвидации и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.<br>2. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, преследующим извлечение дохода в качестве основной цели своей деятельности, имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, печать со своим наименованием.<br>3. Общество является страховой организацией осуществляющей страховую (перестраховочную) деятельность по отрасли «страхование жизни» и иные не запрещенные виды деятельности на основании Гражданского кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «О страховой деятельности», Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее – Закон), иных законодательных актов Республики Казахстан, настоящего Устава и лицензии, выданной уполномоченным органом.<br>4. Общество имеет свой товарный знак и символику, образцы, которые утверждаются и регистрируются в установленном законодательством порядке.<br>5. Срок деятельности Общества неограничен.<br>6. Общество в целях осуществления полномочий, предоставленных законодательством Республики Казахстан, может создать или иметь дочернюю организацию только при наличии предварительного разрешения уполномоченного органа. Обществу запрещается приобретение долей участия в уставных капиталах или акций юридических лиц, создание и участие в деятельности некоммерческих организаций, за исключением случаев, установленных законодательством, и осуществления сделок с ценными бумагами в случаях, предусмотренных законодательством.<br>7. Общество на основании решения Совета директоров без согласия уполномоченного органа вправе открывать свои обособленные подразделения - филиалы и представительства как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами.<br>8. Филиал Общества обособленное подразделение, не являющееся юридическим лицом, расположенное вне места нахождения Общества, осуществляющее деятельность от имени Общества и действующее в пределах полномочий, предоставленных ему Обществом. Филиал Общества имеет единые с Обществом баланс, а также наименование, полностью совпадающее с наименованием Общества.<br>9. Представительство Общества - обособленное подразделение Общества, не являющееся юридическим лицом, расположенное вне места нахождения Общества, действующее от имени и по поручению Общества и не осуществляющее лицензионную деятельность Общества.<br>10. Руководители филиалов и представительств назначаются уполномоченным органом Общества и действуют на основании утвержденных положений о подразделениях и доверенностей. |
| **2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ УӘКІЛЕТТІ ОРГАНЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ** | | **2. НАИМЕНОВАНИЕ ОБЩЕСТВА И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ЕГО ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ОРГАНА** |
| 1. Қоғамның толық атауы:<br>1) мемлекеттік тілде - «Сентрас Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы;<br>2) орыс тілінде - Акционерное общество «Компания по страхованию жизни «Сентрас Life»;<br>3) ағылшын тілінде - Joint Stock Company «Life Insurance | | 1. Полное наименование Общества:<br>1) на государственном языке - «Сентрас Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы;<br>2) на русском языке - Акционерное общество «Компания по страхованию жизни «Сентрас Life»;<br>3) на английском языке - Joint Stock Company «Life Insurance |

| | | |
|---|---|---|
| Company «Сентрас Life».<br>2. Қоғамның қысқартылған атауы:<br>1) мемлекеттік тілде - «Сентрас Life» ӨСК» АҚ;<br>2) орыс тілінде – АО «КСЖ «Сентрас Life»;<br>3) ағылшын тілінде - «LIC «Сентрас Life» JSC».<br>3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан орны:<br>Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050000, Алмалы ауданы, Наурызбай батыр к., 19. | | Company «Сентрас Life».<br>2.Сокращенное наименование Общества:<br>1) на государственном языке - «Сентрас Life» ӨСК» АҚ;<br>2) на русском языке – АО «КСЖ «Сентрас Life»;<br>3) на английском языке - «LIC «Сентрас Life» JSC».<br><br>3. Место нахождения исполнительного органа Общества:<br>Республика Казахстан, город Алматы, 050000, Алмалинский район, ул.Наурызбай батыра, 19. |
| **3. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | | **3. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ ОБЩЕСТВА** |
| 1. Қоғам акционері құқылы:<br>1) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысу;<br>2) дербес немесе басқа акционерлермен бірігіп Қоғамның дауыс беру акцияларының бес және одан жоғары пайызына ие болған жағдайда, Заңға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды қосуды Директорлар кеңесіне ұсыну;<br>3) дивидендтерді алу;<br>4) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алу, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептемесімен танысу;<br>5) бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайын орталық депозитарийден немесе атаулы иесінен үзінді көшірмені алу;<br>6) Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін кандидатураларды ұсыну;<br>7) соттық тәртіпте Қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерімен келіспеу, соның ішінде, Заңның және осы Жарғының талаптарын бұзумен қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері, егер көрсетілген шешімдермен Қоғамның және (немесе) осы акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса.<br>8) дербес немесе басқа акционерлермен бірге қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленсе, Заңда көзделген жағдайларда Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға келтірілген шығындарды Қоғамға өтеу, және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының, ірі мәмілелерді және (немесе) жасасуда мүдделілігі бар болатын мәмілелерді жасасу (жасасуды ұсыну) туралы шешімдерді қабылдау нәтижесінде олармен алынған табысты (кірісті) қоғамға қайтару туралы талаптармен өз атынан соттық органдарға жүгіну;<br>9) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгіну және осындай сауалдың Қоғамға түсі күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде себептемелі жауаптарды алу;<br>10) Қоғамды тарату жағдайында мүліктің бөлігіне;<br>11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Заңмен белгіленген тәртіпте оның акцияларына айырбасталымды Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;<br>12) Заңмен қарастырылған тәртіппен акционерлердің Жалпы жиналысымен Қоғамның акциялар санының өзгеруі немесе олардың түрінің өзгеруі туралы шешімді қабылдауға қатысу.<br>2. Дербес немесе басқа акционерлермен бірге қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер келесі шарттардың бір мезгілде бар болуы жағдайында Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органының жеке мүшесіне жыл қорытындылары бойынша төленетін сыйақы мөлшері туралы ақпаратты алуға құқылы:<br>- оның (олардың) немесе оның үлестес тұлғаларының табыс (кіріс) алу мақсатымен Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органының осы мүшесімен Қоғамның акционерлерін қасақана адастыру фактісін сот анықтаса;<br>- Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғамның атқарушы органының осы мүшесінің ықылассыз әрекеттері және | | 1. Акционер Общества имеет право:<br>1) участвовать в управлении Обществом в порядке, предусмотренном Законом и (или) настоящим Уставом;<br>2) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества предлагать Совету директоров включить дополнительные вопросы в повестку дня Общего собрания акционеров в соответствии с Законом;<br>3) получать дивиденды;<br>4) получать информацию о деятельности Общества, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью Общества, в порядке, определенном Общим собранием акционеров или настоящим Уставом;<br>5) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;<br>6) предлагать Общему собранию акционеров Общества кандидатуры для избрания в Совет директоров Общества;<br>7) оспаривать в судебном порядке принятые органами Общества решения, в том числе, решения Совета директоров Общества, принятые с нарушением требований Закона и настоящего Устава, если указанными решениями нарушены права и законные интересы Общества и (или) этого акционера;<br>8) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций общества обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных Законом, с требованием о возмещении Обществу должностными лицами Общества убытков, причиненных Обществу, и возврате обществу должностными лицами Общества и (или) их аффилиированными лицами прибыли (дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность;<br>9) обращаться в общество с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение тридцати календарных дней с даты поступления запроса в Общество;<br>10) на часть имущества при ликвидации Общества;<br>11) преимущественной покупки акций или других ценных бумаг Общества, конвертируемых в его акции, в порядке, установленном Законом, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;<br>12) участвовать в принятии Общим собранием акционеров решения об изменении количества акций Общества или изменении их вида в порядке, предусмотренном Законом.<br>2. Акционеры, владеющие самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества, вправе получить информацию о размере вознаграждения по итогам года отдельного члена Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества при одновременном наличии следующих условий:<br>- установление судом факта умышленного введения в заблуждение акционеров Общества данным членом Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества с целью получения им (ими) либо его аффилированными |

| | | |
|---|---|---|
| (немесе) әрекетсіздігі Қоғамның шығындарының пайда болуына соқтырғаны дәлелденген болса.<br>3. Ірі акционердің, сонымен қатар, құқығы бар:<br>1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыртуды талап ету немесе акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртуда Директорлар кеңесінің бас тартуы жағдайында, оны шақырту қуынымен сотқа жүгіну;<br>2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап ету;<br>3) аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін өз шот есебінен өткізуді талап ету.<br>4. Осы бөлімнің 1 және 3 тармағымен белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.<br>5. Осы бөлімнің 1 тармағының 2) тармақшасымен қарастырылған талапты орындау орган немесе акционерлердің Жалпы жиналысын шақыртатын тұлғалар үшін міндетті.<br>6. Қоғамның акционері міндетті:<br>1) акцияларды төлеуге;<br>2) орталық депозитарийге және (немесе) осы акционердің меншігіндегі атаулы акцияларды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он жұмыс күн ішінде хабарлау;<br>3) қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеу;<br>4) Қазақстан Республикасының Заңына және басқа заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындау.<br>7. Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) атаулы ұстаушы осы бөлімнің 6 тармағының 2) тармақшасымен белгіленген талаптарды акционердің орындамауы салдары үшін жауапты емес.<br>8. Қоғамның артықшылық берілген акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер құқылы:<br>1) Қоғамның артықшылық берілген акцияларын артықшылықпен сатып алу;<br>2) көзбе-көз тәртіппен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысында болу, және онымен қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысу;<br>3) осы Жарғымен белгіленген алдын-ала анықталған кепілдікті мөлшерде дивидендтерді алуға және Заңмен белгіленген тәртіппен Қоғамды тарату жағдайында мүліктің бөлігіне, жай акциялардың иелері - акционерлер алдындағы артықшылықты құқығы;<br>4) Заңмен белгіленген жағдайларда Қоғамды басқаруға қатысу. | | лицами прибыли (дохода);<br>- если будет доказано, что недобросовестные действия и (или) бездействие данного члена Совета директоров и (или) исполнительного органа Общества повлекли возникновение убытков Общества.<br>3. Крупный акционер также имеет право:<br>1) требовать созыва внеочередного Общего собрания акционеров или обращаться в суд с иском о его созыве в случае отказа Совета директоров в созыве Общего собрания акционеров;<br>2) требовать созыва заседания Совета директоров;<br>3) требовать проведения аудиторской организацией аудита Общества за свой счет.<br>4. Не допускаются ограничения прав акционеров, установленных пунктами 1 и 3 настоящего раздела.<br>5. Выполнение требования, предусмотренного подпунктом 2) пункта 1 настоящего раздела, обязательно для органа или лиц, созывающих Общее собрание акционеров.<br>6. Акционер Общества обязан:<br>1) оплатить акции;<br>2) в течение десяти рабочих дней извещать центральный депозитарий и (или) номинального держателя акций, принадлежащих данному акционеру, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Общества;<br>3) не разглашать информацию об Обществе или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;<br>4) исполнять иные обязанности в соответствии с Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан.<br>7. Общество, центральный депозитарий и (или) номинальный держатель не несут ответственности за последствия неисполнения акционером требования, установленного подпунктом 2) пункта 6 настоящего раздела.<br>8. Акционер, являющийся собственником привилегированных акций Общества, имеет право:<br>1) преимущественной покупки привилегированных акций Общества;<br>2) присутствовать на Общем собрании акционеров, проводимом в очном порядке, и участвовать в обсуждении рассматриваемых им вопросов;<br>3) преимущественное право перед акционерами - собственниками простых акций на получение дивидендов в заранее определенном гарантированном размере, установленном настоящим Уставом и на часть имущества при ликвидации Общества в порядке, установленном Законом;<br>4) участвовать в управлении Обществом, в случаях, установленных Законом. |
| **4. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ** | | **4. ПОРЯДОК ОБРАЗОВАНИЯ ОРГАНОВ ОБЩЕСТВА** |
| 1. Қоғам органдары болып табылады:<br>1) жоғары орган - акционерлердің Жалпы жиналысы;<br>2) басқару органы - Директорлар кеңесі;<br>3) алқалы атқарушы орган - Басқарма;<br>қадағалау органы - Ішкі аудит қызметі;<br>5) Заңға, Қазақстан Республикасының басқа нормативті құқықтық актілеріне және осы Жарғыға сәйкес басқа органдар.<br>2. Акционерлерді Жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлерді басқа Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.<br>3. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында:<br>1) қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі ;<br>2) өткен қаржылық жыл бойынша Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептеуде дивидент мөлшері анықталады;<br>3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жолданымдары және оларды | | 1. Органами Общества являются:<br>1) высший орган - Общее собрание акционеров;<br>2) орган управления - Совет директоров;<br>3) коллегиальный исполнительный орган - Правление;<br>4) контрольный орган – Служба внутреннего аудита;<br>5) иные органы в соответствии с Законом, иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.<br>2. Общие собрания акционеров подразделяются на годовые и внеочередные. Общество обязано ежегодно проводить годовое Общее собрание акционеров. Иные Общие собрания акционеров являются внеочередными.<br>3. На ежегодном Общем собрании акционеров:<br>1) утверждается аудированная годовая финансовая отчетность Общества;<br>2) определяются порядок распределения чистого дохода Общества за истекший финансовый год и размер дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества;<br>3) рассматривается вопрос об обращениях акционеров на действия Общества и его должностных лиц и итогах их рассмотрения. |

қарастыру нәтижелері туралы мәселе қарастырылады.
Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның акционерлерін Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпараттандырады.
4. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы, олар бойынша шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жататын басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.
5. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жылдың аяқталуынан кейін бес ай ішінде өткізілуі қажет. Көрсетілген мерзім Қоғам аудитінің есеп беру мерзім ішінде аяқталуы мүмкінсіздігі жағдайында үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.
6. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Заңмен жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғам қызметін жалпы басқаруды іске асырады.
7. Ең маңызды мәселелерді қарастыру және Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау үшін қоғамда Заңмен реттелген мәселелерді қарастыратын Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы қажет.
8. Мәселелерді қарастыру Директорлар кеңесінің жеке комитетімен қарастырылатын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.
9. Директорлар кеңесінің комитеттерінің құрылу және жұмыс істеу тәртібі, және де сандық құрамы Заң талаптарын есепке ала отырып, Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжатымен орнатылады.
10. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.
Директорлар кеңесінің мүшесінің Заңға және Қоғам Жарғысына сәйкес оған жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаларға тапсыруға құқығы жоқ.
11. Директорлар кеңесінің мүшесі төмендегілердің ішінен сайланады:
1) акционерлер -жеке тұлғалар;
2) акционерлер өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
3) Қоғамның акционерлері болып табылмайтын және акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалар.
12. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Заңмен бекітілген талаптарға сәйкес орындалады.
13. Басқарма мүшелері, оның басшысын қоспағанда, Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін емес. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлануы мүмкін емес.
14. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үш адамнан аз болмауы қажет. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы қажет.
15. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын мүшелерге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
16. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғалар басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылмаса, шектеусіз рет қайта сайлануы мүмкін, Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді және жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу мезетінде аяқталады.
17. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлығының немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін уақытынан бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері акционерлердің Жалпы жиналысы оның өкілеттіктерін уақытынан бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.
18. Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктерін өз қалауы бойынша уақытынан бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы арқылы орындалады.

Председатель Совета директоров информирует акционеров Общества о размере и составе вознаграждения членов Совета директоров и Правления Общества.
4. Годовое Общее собрание акционеров вправе рассматривать и другие вопросы, принятие решений по которым отнесено к компетенции Общего собрания акционеров.
5. Годовое Общее собрание акционеров должно быть проведено в течение пяти месяцев по окончании финансового года. Указанный срок считается продленным до трех месяцев в случае невозможности завершения аудита Общества за отчетный период.
6. Совет директоров осуществляет общее руководство деятельностью Общества, за исключением решения вопросов, отнесенных Законом к исключительной компетенции Общего собрания акционеров.
7. Для рассмотрения наиболее важных вопросов и подготовки рекомендаций Совету директоров в обществе должны быть созданы комитеты Совета директоров, рассматривающие вопросы, регламентированные Законом.
8. Рассмотрение вопросов может быть отнесено к компетенции одного или нескольких комитетов Совета директоров, за исключением вопросов внутреннего аудита, рассматриваемых отдельным комитетом Совета директоров.
9. Порядок формирования и работы комитетов Совета директоров, их количество, а также количественный состав устанавливаются внутренним документом Общества, утверждаемым Советом директоров, с учетом требований Закона.
10. Членом Совета директоров может быть только физическое лицо.
Член Совета директоров не вправе передавать исполнение функций, возложенных на него в соответствии с Законом и Уставом Общества, иным лицам.
11. Члены Совета директоров избираются из числа:
1) акционеров - физических лиц;
2) лиц, предложенных (рекомендованных) к избранию в Совет директоров в качестве представителей акционеров;
3) физических лиц, не являющихся акционером Общества и не предложенных (не рекомендованных) к избранию в Совет директоров в качестве представителя акционера.
12. Выборы членов Совета директоров осуществляются в соответствии с требованиями, установленными Законом.
13. Члены Правления, кроме его руководителя, не могут быть избраны в Совет директоров. Председатель Правления не может быть избран председателем Совета директоров.
14. Число членов Совета директоров должно составлять не менее трех человек. Не менее тридцати процентов от состава Совета директоров общества должны быть независимыми директорами.
15. Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в состав Совета директоров, устанавливаются законодательством Республики Казахстан.
16. Лица, избранные в состав Совета директоров, могут переизбираться неограниченное число раз, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан, срок полномочий Совета директоров устанавливается Общим собранием акционеров и истекает на момент проведения Общего собрания акционеров, на котором проходит избрание нового Совета директоров.
17. Общее собрание акционеров вправе досрочно прекратить полномочия всех или отдельных членов Совета директоров. Полномочия такого члена Совета директоров прекращаются с даты принятия Общим собранием акционеров решения о досрочном прекращении его полномочий.
18. Досрочное прекращение полномочий члена Совета директоров по его инициативе осуществляется на основании письменного уведомления Совета директоров.
Полномочия такого члена Совета директоров прекращаются с момента получения указанного уведомления Советом директоров, если в уведомлении не указана дата досрочного

| | | |
|---|---|---|
| Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін уақытынан бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламасын алу мезетінен тоқтатылады.<br>19. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін уақытынан бұрын тоқтату жағдайында, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалпы жиналысқа қатысқан акционерлердің жиынтық дауыс беруімен орындалады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінің өтуімен бір уақытта тоқтатылады.<br>20. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан құпия дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен сайланады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы. Директорлар кеңесінің төрағасы орнында болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі орындайды.<br>21. Ағымдағы қызметті басқару Басқармамен іске асырылады.<br>22. Басқарма мүшелері акционерлер мен акционер болып табылмайтын Қоғам қызметкерлері бола алады. Басқарма мүшесі тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.<br>23. Басқарма мүшелерінің саны кем дегенде үш адам болуы қажет. Басқарма жұмысын Төраға басқарады. Төраға және Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесімен сайланады.<br>24. Басқарма Төрағасының атқарушы органның басшысы немесе атқарушы орган функцияларын жеке дара орындайтын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның лауазымында жұмыс істеуге құқығы жоқ.<br>25. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ, көрсетілген тұлғаның Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе қол қоюға Жалпы жиналыспен немесе Директорлар кеңесімен уәкілетті етілген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма Төрағасы өз қолын қояды.<br>26. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау үшін Ішкі аудит қызметі құрылады.<br>27. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды..<br>28. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне бағынышты және оған өз жұмысы туралы есеп береді.<br>29. Ішкі аудит қызметінің құрылу тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді. | | прекращения полномочий члена Совета директоров.<br>19. В случае досрочного прекращения полномочий члена Совета директоров избрание нового члена Совета директоров осуществляется кумулятивным голосованием, представленных на Общем собрании акционеров, при этом полномочия вновь избранного члена Совета директоров истекают одновременно с истечением срока полномочий Совета директоров в целом.<br>20. Председатель Совета директоров избирается из числа его членов большинством голосов от общего числа членов Совета директоров тайным голосованием. Совет директоров вправе в любое время переизбрать председателя. В случае отсутствия председателя Совета директоров его функции осуществляет один из членов Совета директоров по решению Совета директоров.<br>21. Руководство текущей деятельностью осуществляется Правлением.<br>22. Членами Правления могут быть акционеры и работники Общества, не являющиеся его акционерами. Член Правления вправе работать в других организациях только с согласия Совета директоров.<br>23. Число членов Правления составлять не менее трех человек. Работой Правления руководит Председатель. Председатель и члены Правления избираются Советом директоров Общества.<br>24. Председатель Правления не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа, другого юридического лица.<br>25. Функции, права и обязанности члена Правления определяются Законом, иными законодательными актами Республики Казахстан, настоящим Уставом, а также трудовым договором, заключаемым указанным лицом с Обществом. Трудовой договор от имени Общества с Председателем Правления подписывается председателем Совета директоров или лицом, уполномоченным на это Общим собранием или Советом директоров. Трудовой договор с остальными членами Правления подписывается Председателем Правления.<br>26. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью Общества образуется Служба внутреннего аудита.<br>27. Работники Службы внутреннего аудита не могут быть избраны в состав Совета директоров и исполнительного органа.<br>28. Служба внутреннего аудита непосредственно подчиняется Совету директоров и отчитывается перед ним о своей работе.<br>29. Порядок формирования Службы внутреннего аудита устанавливается внутренними документами Общества. |
| **5. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ** | | **5. КОМПЕТЕНЦИЯ ОРГАНОВ ОБЩЕСТВА** |
| 1. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:<br>1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу немесе оны жаңа редакциялауда бекіту;<br>2) корпоративті басқарудың кодексін, және де ондағы өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;<br>3) Қоғамды өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе тарату;<br>4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын жоғарлату немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау:<br>5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, және де оларды өзгерту шарттарын және тәртібін анықтау;<br>6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;<br>7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрге айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау; | | 1. К исключительной компетенции Общего собрания акционеров относятся следующие вопросы:<br>1) внесение изменений и дополнений в Устав Общества или утверждение его в новой редакции;<br>2) утверждение кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него;<br>3) добровольная реорганизация или ликвидация Общества;<br>4) принятие решения об увеличении количества объявленных акций Общества или изменении вида неразмещенных объявленных акций Общества;<br>5) определение условий и порядка конвертирования ценных бумаг Общества, а также их изменение;<br>6) принятие решения о выпуске ценных бумаг, конвертируемых в простые акции Общества;<br>7) принятие решения об обмене размещенных акций одного вида на акции другого вида, определение условий, сроков и порядка такого обмена; |

| | | |
|---|---|---|
| 8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілдік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілдіктерін мерзімнен бұрын тоқтату; | | 8) определение количественного состава и срока полномочий счетной комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий; |
| 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілдік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілдіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ, Директорлар кеңесі мүшелері өз міндеттерін орындағаны үшін оларға сыйақыларды төлеу және шығындарды өтеу мөлшерін және шарттарын анықтау; | | 9) определение количественного состава, срока полномочий Совета директоров, избрание его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам Совета директоров за исполнение ими своих обязанностей; |
| 10) Қоғамның аудитін орындайтын аудиторлық ұйымды анықтау; | | 10) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества; |
| 11) жылдық қаржылық есептемені бекіту; | | 11) утверждение годовой финансовой отчетности; |
| 12) есептемелік қаржылық жыл бойынша Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу бойынша шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидендтің мөлшерін бекіту; | | 12) утверждение порядка распределения чистого дохода Общества за отчетный финансовый год, принятие решения о выплате дивидендов по простым акциям и утверждение размера дивиденда в расчете на одну простую акцию Общества; |
| 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау; | | 13) принятие решения о невыплате дивидендов по простым акциям Общества; |
| 14) Қоғам акцияларын ерікті делистинг туралы шешім қабылдау; | | 14) принятие решения о добровольном делистинге акций Общества; |
| 15) басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Қоғамның қатысуы туралы немесе тұтас алғанда Қоғам иелігіндегі барлық активтердің жиырма бес немесе одан да көп пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөліктерін тапсыру (алу) арқылы басқа заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау; | | 15) принятие решения об участии Общества в создании или деятельности иных юридических лиц либо выходе из состава участников (акционеров) иных юридических лиц путем передачи (получения) части или нескольких частей активов, в сумме составляющих двадцать пять и более процентов от всех принадлежащих Обществу активов; |
| 16) акционерлердің Жалпы жиналысын шақырту туралы Қоғамның акционерлерді хабарландыру нысанын анықтау; | | 16) определение формы извещения Обществом акционеров о созыве Общего собрания акционеров; |
| 17) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулерді бекіту; | | 17) утверждение изменений в методику определения стоимости акций при их выкупе Обществом на неорганизованном рынке в соответствии с Законом; |
| 18) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту; | | 18) утверждение повестки дня Общего собрания акционеров; |
| 19) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, егер мұндай тәртіп Қоғам Жарғысымен белгіленбеген болса; | | 19) определение порядка предоставления акционерам информации о деятельности Общества, если такой порядок не определен Уставом Общества; |
| 20) нәтижесінде Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иелігінен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне, нәтижесінде Қоғам құны оның активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иелігінен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау; | | 20) принятие решения о заключении Обществом крупной сделки, в результате которой (которых) Обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Общества на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости его активов; |
| 21) шешім қабылдауы заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын басқа да мәселелер. | | 21) иные вопросы, принятие решений по которым отнесено законодательством и (или) настоящим Уставом к исключительной компетенции Общего собрания акционеров. |
| 2. Осы бөлімнің 1 тармағының 2), 3), 4) және 17) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан білікті көпшілікпен қабылданады. | | 2. Решения Общего собрания акционеров по вопросам, указанным в подпунктах 2), 3), 4) и 17) пункта 1 настоящего раздела, принимаются квалифицированным большинством от общего числа голосующих акций Общества. |
| Акционерлердің басқа мәселелер бойынша Жалпы жиналысының шешімдері, Заңмен басқасы белгіленбеген болса, дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан дауыстардың жай көпшілігімен қабылданады. | | Решения Общего собрания акционеров по иным вопросам принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании, если Законом не установлено иное. |
